


«№ 69 жалпы білім беретін орта мектебі»КММ



«Бекітемін»  
№69 жалпы білім беретін орта  
мектеп директоры А. Абжалелова  
Бұйрық № «01» 2021 жыл

**«Мейірімділік пен әділдік мекені»**  
(мектепалды даярлық сыныбына арналған бағдарлама)

Курс бағдарламасы: «Мектепке дейінгі ұйымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыс ұйымдастыру» әдістемелік нұсқаулығын (авторы №39 «Достық» МДҰ меңгерушісі А.Ж.Уркимбаева.2015ж) негізге ала отырып, «Мейірімділік пен әділдік мекені» бағдарламасы мектепалды даярлық топ балаларына арналып жазылған.

Құрастырғандар:

Шалабаева Г.У, ҚҒӘО әдіскері

Уркимбаева А.Ж, № 39 «Достық» МДҰ меңгерушісі

Жусупова Ш.Т, № 9 «Бәйшешек» МДҰ меңгерушісі

Дуйсенова А.Б, № 39 «Достық» МДҰ әдіскері

Туремуратова Г.М № 9 «Бәйшешек» МДҰ әдіскері

Пайдаланушы: №69 орта мектебінің мектепалды даярлық топ тәрбиешісі  
Ж.С. Есенбекова

«Мейірімділік пен әділдік мекені» курс бағдарламасы әдістемелік бірлестік отырысында талқыланды

№ Хаттама «28» 08 2021 ж

«Мейірімділік пен әділдік мекені» курс бағдарламасы әдістемелік кеңесте ұсынылды

№ Хаттама «28» 08 2021 ж

«Мейірімділік пен әділдік мекені» курс бағдарламасы педагогикалық кеңес отырысында мақұлданды

№ Хаттама «31» 08 2021 ж

Мектеп директоры: *А.А.* А.Абжалелова



## «Мейірімділік пен әділдік мекені» бағдарламасына

### Пікір

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қаралып, оны жетілдіру жолдары іздестірілуде. Сондықтан үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы-мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудың, ұлттарымызға тән қасиеттерін бойына сіңірген бала тәрбиелеуден бастаған абзал. Сол себепті, келер ұрпақ алдындағы жауапкершілік әрдайым қатал сын саналған. Баланы өсіру, оны азамат етіп тәрбиелеу – елдің мәселесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Оған қарсы күрестің өзектілігі оның кешенді және бірізділігінде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет тарапынан қоғамның барлық саласында күшейтілген және бақылауда.

Беріліп отырған бағдарлама мектепке дейінгі ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ерте жастан балалар бойына адалдыққа, шыншылдыққа, патриоттыққа тәрбиелеу арқылы ертеңгі еліміздің болашағын тәрбиелеуде маңызды екенін ескереді. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына рухани-адамгершілік құндылықтар қалыптастырып тәрбиелеу бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Ертеңгі ел болашағы, бүгінгі жас ұрпақты жан-жақты, білімді, тәрбиелі болып өсуіне бар мүмкіндігімізді пайдалана отырып, барынша шығармашылықпен, тың ізденістермен тынымсыз еңбек ету бәрімізге ортақ.

Өсіп келе жатқан ұл-қыздарымызды мемлекеттік қызметтің мағынасын, оның басты құндылықтарын – адалдықты, тұрақтылықты, Отанға адал қызмет етуді түсіндіру. Сонымен қатар құқық туралы түсініктерін қалыптастыру, әдептілік, адалдыққа баулу. Мекен етіп келе жатқан елінде береке-бірлік, достық қарым-қатынас, еңбек сүйгіштік, тыныштық пен татулықта өмір сүруге баулу.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс дидактикалық ойындар, сюжетті суреттер, мақал-мәтелдер, қазіргі заманауи технологияларды қолдану арқылы жүргізіледі.

## Түсінік хат

Шығармашылық топтың адаптивтік бағдарламасы /6-7жас/ мектепалды даярлау тобына арналып құрастырылған.

**Бағдарлама мақсаты:** Мектепке дейінгі жастағы балаларды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу. Қасиетті қазақ топырағында өсіп-өніп келе жатқан ұл-қыздарымызды мемлекеттік қызметтің мағынасын, оның басты құндылықтарын – адалдықты, тұрақтылықты, Отанға қызмет етуді түсіндіру.

Сонымен қатар құқық туралы түсініктерін қалыптастыру, әдептілікке, баулу. Мекен етіп келе жатқан елінде береке-бірлік, достық қарым-қатынас, еңбек сүйгіштік, тыныштық пен татулықта өмір сүруге үйрету.

Рухани-адамгершілік бағыт бойынша жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу.

Қоғамдағы құқықтық нигилизмнің түбегейлі жойылуына қол жеткізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті білім беру жүйесі арқылы қалыптастыруды талап етеді, оның ішінде өскелең жас ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Осы аталғандар негізінде мектепке дейінгі жастан оқу процесіне енгізу ұсынылды. Мектепалды даярлау топтарына арналып құрастырылған. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің жас ерекшелігіне сай алынған.

### Міндеттері:

- өзінің және басқаның еңбегінің зейнетін қадірлеу;
- адал еңбекті өмірді жалғастырудың басты құралы ретінде қарастыру;
- бар игілікті қоғам үшін қолдануға ұмтылу;
- әртүрлі кәсіпкердің маңыздылығын, олардың адам өміріне әсерін түсіну;
- құқық бұзушыларға қарсы келуге дайын болу;

### Күтілетін нәтижелер:

- басты мақсатты көздей отырып баланы дұрыс жолға тәрбиелеу;
- бағдарламаны игеріп, баланың танымын нығайтуға жұмыстар жүргізу;
- балаларды мемлекеттік қызмет етуде адалдық, еліне, жеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу;

Бағдарламаны қолдану мерзімі: 1 жыл. Сағат саны – 32, аптасына 1 сағат, ұзақтығы – 25-30 минут.

**Тақырыптық жұмыс жоспары**

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны	Күні
1.	«Ұқыпты бала боламыз»	<b>Білімділік:</b> Балаларға «ұқыптылық» сөзінің мағынасын таныстыру. Айналасындағы мүлікке, заттарға ұқыптылықпен қарауға үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Балаларды ұқыпты болуға, жағымды қарым-қатынас дағдысын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Ересек адамдар еңбегіне сүйіспеншілікпен қарауға, құрметтеуге және көмек көрсетуге тәрбиелеу.	1	07.09.21
2.	Еңбек түбі-береке	<b>Білімділік:</b> Қоғамдағы еңбек, мамандық түрлеріне сүйіспеншілікпен қарау. <b>Дамытушылық:</b> Еңбекті бағалау, адал еңбек ету. Өзінің және басқаның еңбегінің зейнетін қадірлеуге үйрету. <b>Тәрбиелік:</b> Адалдық, әділдік, мейірімділікке тәрбиелеу.	1	14.09.21
3.	Жаксы деген немене жаман деген немене?	<b>Білімділік:</b> Жағдаяттарын мысалға келтіріп, жаман әдеттерден ойларын аулақ ұстауға үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Қоршаған ортасына мейірімділікпен қарауға, өз ойларын айтып жеткізе білу. <b>Тәрбиелік:</b> Мінез-құлықтың негізі – жақсылық жасай білуге, мейірімділікке балаларды тәрбиелеу.	1	21.09.21
4.	Сен не істер едің?	<b>Білімділік:</b> Жақсы мен жаман әдет туралы түсініктерін қалыптастыру. Суреттер арқылы әңгімелеп, өз көзқарастарын жеткізе білуге үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Балалардың қоршаған ортасына деген қарым-қатынасын анықтау, ситуациялық жағдаяттарды шеше білу қабілеттерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Балалардың білім деңгейін анықтау, өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастыру. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелеу.	1	28.09.21
5.	Нан дастарханға қалай келеді?	<b>Білімділік:</b> Еңбек етуге тілек білдіре білуге еңбекті бағалай білуге, құрмет көрсетуге үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Өмірдегі еңбектің маңыздылығы туралы білімдерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Ересектер еңбегін бағалау, құрметтеу. Еңбек өмірдің қажеттілігі екенін түсіндіру. Адал еңбек етуге тәрбиелеу.	1	05.10.21
6.	Риясыз көмек	<b>Білімділік:</b> Мейірімділік, қайырым дұлық көрсету адамгершілік қасиет екенін мысалдармен түсіндіру. Балаларды қайырымдылық жасауға үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Адамгершілік сөзінің мағынасын балаларға түсіндіру. <b>Тәрбиелік:</b> Баланы мейірімділікке тәрбиелеу. Рухани-адамгершілік бағыт бойынша жалпыадамзаттық құндылықтарға тәрбиелеу.	1	12.10.21
7.	Жаным толған жақсылық	<b>Білімділік:</b> Жақсылық жасай білуге үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. <b>Тәрбиелік:</b> Қайырымдылыққа, ізгілікке тәрбиелеу. Балаларды жақсылық жасауға, мейірімділікке, өз жеке басын ойлап қана қоймай, айналасына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	19.10.21
8.	Дос болайық бәріміз	<b>Білімділік:</b> Балаларға адалдық пен әділдік туралы түсінік беру, олардың құндылық ретіндегі мәнін ұғындыру. <b>Дамытушылық:</b> Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу. «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.	1	26.10.21

9.	Құқықтану әлеміне саяхат	Білімділік: Балаларға құқық туралы түсінік беру. Өз пікірлерін білдіруге, тұжырым жасауға үйрету. Дамытушылық: Құқықтық дүниетанымдары мен адамгершіліктерін дамыту. Тәрбиелік: Достыққа, мейірімділікке ойын арқылы тәрбиелеу. Өзін және басқа адамдарды сыйлауға тәрбиелеу.	1	9.11.21
10.	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Білімділік: Сыпайы сөйлеуге, әдептілікке баулу. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Дамытушылық: Сыпайы сөйлеу де өнер, әдептілік, әдемілік не екенін түсіндіру. Тәрбиелік: Сыпайы сөздер адам жанына жылулық, ізгілік, татулық әкелетінін түсіндіру.	1	16.11.21
11.	Қайырымдылық жасау үлкен қуаныш	Білімділік: Сюжетті суреттер арқылы әңгімелеу. Жағымсыз әдеттерден аулақ болуға үйрету. Дамытушылық: Адамгершілік қасиеттерін дамыту. Тәрбиелік: Балаларды шыншылдық, адалдыққа тәрбиелеу. Рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу.	1	23.11.21
12.	«Мейірімділік»	Білімділік: Балалардың «Мейірімділік» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту, мейірімді істер атқаруға ынталандыру. Дамытушылық: Өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы әңгімелей отырып, нақыл сөздер, өлеңдер, тақпақтар арқылы тілдерін дамыту. Балалар бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Тәрбиелік: Қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарап, оларға қамқорлық жасай отырып үлкенге көмек беріп, кішіге деген қамқорлыққа кішіпейілділікке тәрбиелеу.	1	30.11.21
13.	«Мейірімділік – асыл қасиет»	Білімділік: Балаларды мейірімді болуға, қайырымдылық көрсетуге дағдыландыру. Дамытушылық: Балаларды мейірімділік, қайырымдылық туралы түсініктерін кеңейту. Тәрбиелік: Қамқорлық жасауға жетелеу, мейірімділікке тәрбиелеу.	1	07.12.21
14.	«Ар-намыс керек адамға»	Білімділік: Балаларға ұят, намыс, ар туралы түсініктерінің мәнін түсіндіру. Дамытушылық: Ар-намыс, адалдық дағдыларын дамыту. Тәрбиелік: Рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ету.	1	14.12.21
15.	Әділеттілік туралы әңгіме	Білімділік: Балаларға мейірімділік, әдеттілік пен әділетсіздік туралы түсінік беру. Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Дамытушылық: Жағымды және жағымсыз іс-әрекеттердің айырмашылығын ажыратуды дамыту. Тәрбиелік: Әділеттілік сезімге тәрбиелеу.	1	21.12.21
16.	Сіздердің мейірімді істерің	Білімділік: Балаларды тату қарым-қатынас жасауға баулу. Дамытушылық: Балалардың үлкендерге сыйластық сезімін қалыптастыру. Тәрбиелік: Адамгершілік қасиеттерді үлгілі істермен көрсету.	1	28.12.21
17.	Шындық пен өз сөзінде тұру туралы әңгіме	Білімділік: Балаларды бір-біріне адал болуға, туысқандарына және айналасына шындық көзқарыспен қарауға үйрету. Дамытушылық: Балаларға жағымды әрекеттер арқылы түсінік бере отырып, тілдерін, сөздік қорларын дамыту. Тәрбиелік: Өз сөзінде, берген уәдесіне тұруды үйретуді жалғастыру. Шыншылдыққа тәрбиелеу.	1	18.01.22
18.	Қайырымдылық	Білімділік: Қайырымдылық пен жауыздық (жамандық) сөздерінің мағынасын шығарма арқылы түсіндіру. Дамытушылық: Әңгіме желісіндегі қайырымдылық пен жауыздықты ажырата білуге үйрету. Ойларын жеткізе білуге үйрету. Тәрбиелік: Өтірік айтпауға шыншыл, адал болуға тәрбиелеу.	1	25.01.22


19.	Адалдық	Білімділік: Балаларға адамгершілік қасиет - адалдықты білуге үйрету. Дамытушылық: Балаларда жағымды қарым - қатынас дағдысын дамыту. Тәрбиелік: Айнала қоршаған ортасына адалдықпен қарауға тәрбиелеу.	1	10.2.22
20.	Адалдық және шынайылық	Білімділік: Балаларға шыншылдық адал болу түсініктерін үйрету. Дамытушылық: Балалар бойына шыншылдық, адалдық қасиеттерін дамыту. Тәрбиелік: Балаларды адалдыққа шыншылдыққа тәрбиелеу.	1	15.02.22
21.	Адал болу керек	Білімділік: Балаларға адал болу керек екенін үйрету. Дамытушылық: Балалар бойында адалдық туралы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын дамыту. Тәрбиелік: Адал болуға, адамгершілікке тәрбиелеу.	1	22.02.22
22.	Кімде-кім армен жұмыс жасаса, сол адал.	Білімділік: Балаларды арлы, намысшыл бола білуді үйрету. Дамытушылық: Адамгершілік қасиеттерін молайту, сөздік қорын дамыту сөздік қорын дамыту. Тәрбиелік: Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	1	10.3.22
23.	Жомарт болу керек	Білімділік: Адамгершілік қасиеттерін, жомарт болуды үйрету. Дамытушылық: Жомарттық жасауға жетелеу, мейірімділікке адамгершілікті дамыту. Тәрбиелік: Үлкенге көмек беріп, кішіге деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	15.03.22
24.	Жақсылық пен жамандық (ертегі)	Білімділік: Балаларға ертегіні оқып беріп, ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсыз қасиеттерін көре білуге үйрету. Дамытушылық: Өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету. Тәрбиелік: Балаларды шыншыл болуға, өтірік айтпауға тәрбиелеу.	1	05.04.
25.	Ашкөздік қуаныш емес	Білімділік: Балаларға қайырымдылық, мейірімділік, шыншылдық туралы үйрету. Дамытушылық: Бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту. Тәрбиелік: Шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу.	1	12.04.
26.	Сіздің ізгі істеріңіз	Білімділік: Балаларды күнделікті өмірде жақсы қарым-қатынас жасауға үйрету. Дамытушылық: Айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. Тәрбиелік: Өзара сеніммен түсіністікке тәрбиелеу.	1	19.04.
27.	Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш (Ы. Алтынсарин әңгімесі)	Білімділік: Әңгімені оқып беріп, балаларға еңбек туралы үйрету. Дамытушылық: Өмірдегі еңбектің маңыздылығы туралы білімдерін дамыту. Тәрбиелік: Бағалай білу, еңбекқор болуға тәрбиелеу.	1	26.04.
28.	Жақсы әдет	Білімділік: Біздер күнделікті жақсы іс әрекетіміз арқылы балалардың түсінігін үйрету. Дамытушылық: Жақсы, жаман әдеттерді білім арқылы дамыту. Тәрбиелік: Көркем шығармалар арқылы жақсы және жаман іс-әрекеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.	1	03.05.
29.	Ар деген не?	Білімділік: Ар деген түсінікпен таныстыру. Ар-ождан, намыс, ұят, абырой туралы үйрету. Дамытушылық: Балалардың адалдық пен әділдік, әдептілікпен сыпайылық, кішіпейілділік, мейірімділік, ізгілік пен имандылық қасиеттерін дамыту. Тәрбиелеу: Балаларға барлық жағдай жасауға, адал болуға тәрбиелеу.	1	10.05.

30.	<b>Қазақ елінің еңбек күндері</b>	<b>Білімділік:</b> Балаларды еңбектен білуге үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Ынтымақ, бірлік, достық қарым –қатынас қасиеттерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Татулыққа бірлікке бейбітшілікке өмір сүруге тәрбиелеу.	1	1705
31.	<b>Еңбекқор болу</b>	<b>Білімділік:</b> Балаларды ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Еңбекті бағалау, еңбек ету дағдыларын дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Еңбек сүйгіштікке, табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	24.05
32.	<b>Мейірімділік менің жүрегімде</b>	<b>Білімділік:</b> Балалардың мейірімділік, адамгершілік құндылықтарын үйрету. <b>Дамытушылық:</b> Балалардың мейірімділік ұғымы туралы түсініктерін дамыту. <b>Тәрбиелік:</b> Балаларды мейірімділікке өзара жағымды қасиеттерге тәрбиелеу.	1	24.05
<b>Барлығы</b>			<b>32</b>	



«№ 69 жалпы білім беретін орта мектебі»КММ

«Бекітемін»   
№69 жалпы білім беретін орта  
мектеп директоры А.Абжалелова  
Бұйрық № «01» 09 2021 жыл



## «Ана тілім - дара тілім»

(Мектепалды даярлық сыныбына арналған бағдарлама)

Курс бағдарламасы :

«Қызықты грамматика» жұмыс дәптері. «Алматы кітап» баспасы, авторы:  
З.Муфтибекова.

Құрастырушы: ЖББ №59 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі  
Т.С.Ещанова

Пайдаланушы: №69 орта мектебінің мектепалды даярлық топ тәрбиешісі  
Ж.С. Есенбекова

«Ана тілім-дара тілім» курс бағдарламасы әдістемелік бірлестік отырысында  
талқыланды

№ Хаттама «28» 08 2021 ж

«Ана тілім-дара тілім» курс бағдарламасы әдістемелік кеңесте ұсынылды

№ Хаттама «28» 08 2021 ж

«Ана тілім-дара тілім» курс бағдарламасы педагогикалық кеңес отырысында  
мақұлданды

№ Хаттама «31» 08 2021 ж

Мектеп директоры:  А.Абжалелова



### Түсінік хат

«Ана тілім дара тілім» - қосымша бағдарламасы арқылы оқушылар негізгі пән «Сөйлеуді дамытуда» меңгерген білім, білік, дағдыларын жетілдіре түседі. Осы бағдарлама арқылы оқушылардың дүниетанымы кеңіп, дұрыс, байланыстырып сөйлеуге үйренеді. Кішкентай кезінен қазақ тіліне сусындап өскен балалар қайтсе де бұл тілдің қадір-қасиетін біліп өседі деп ойлаймын. Оларға тек жаттанды түрде оқытпай, қазақ халқының тәлім-тәрбиесін де үйрете алуымыз қажет. Ұйымдастырылған оқу қызметінің қызықты өтуі үшін мұғалімдер әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Тіл дамыту дегеніміз – тілдің жетілуі, оны дұрыс, әдемі қолдану. Тілдік норма жетілу үшін оқушының ауызекі сөйлеу тілін, жазба тілін дамытқан жөн. Осы мақсатпен оқушыларға еркін тақырып аясында ауызша мәтіндер құрастыруға, өздері оқыған шығармаларын мазмұндап, көркемдеп баяндауға, ертегі, әңгіме құрауға үйретеді. Сөйлеу арқылы ауызша тілді дамытуға болады. Бұл бағдарламаның жаңашылдығы ауызекі сөйлеу арқылы әріптермен де қосымша сауат ашу сабағымен интеграциялы түрде құрастырылды. Себебі бала ауызекі сөйлеу арқылы әріптермен де танысып нәтижелі көрсеткішке жетеді деп ойлаймын. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне және мүмкіндік өрісіне сай. Мектепалды даярлау сыныбының оқушыларын оқыту, тәрбиелеу және дамыту талаптары мен мақсатына сәйкес құрастырылған. Оқу процесін өтілген материалдардың қолданылу жиілігін ескере отырып ұйымдастыруға және ақырғы нәтижеге жетуді бағдарлауға мүмкіндік береді. *Бағдарлама аптасына 1 сағат, жылды-32 сағат (жыл бойы) бөлінген.*

#### Мақсаты:

- Оқушылардың алған білімдерін жетілдіре отырып, тіл байлықтарын, өз ойларын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту және жазу каллиграфияларына мән беру.

#### Міндеттері:

- Балаларды бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге және табысқа жетуге үйрету;
- Байланыстырып сөйлеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету;
- Жазуға деген құштарлықтарын ояту;

#### Күтілетін нәтиже:

- Еркін ойлауға мүмкіндік алады;
- Ақыл-ойын дамытады;
- Ұжымдық іс-әрекетке тәрбиеленеді;
- Тіл байлығы жетіледі;
- Отанға деген сүйіспеншілік, ұлттық рух, ұлттық мақтанышы, ұлттық намысы, ана тілі мен ұлттық мәдениеті қалыптасады. Инабатты, ел-жұртын, атамекенін сүйетін, салт-дәстүрін сыйлайтын, нағыз ұлттық намысы жоғары, ұлтжанды азамат болып шығады.
- Жазу жолдарын еркін қолданады.

## ШҚІР

Қазақстан Республикасының қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде жаңа өзгерістер мен әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру және қолдануға арналған Республиканың «Білім туралы» Заңында «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымында атап көрсетілген. Қазақ тілі қазіргі уақытта өзге ұлт өкілдеріне балабақшадан бастап оқытылып келеді. Мемлекеттік тілді оқыту, болашақ ұрпақтың бойына қазақ тілін құрметтеу сезімін қалыптастыру мұғалімдердің үлкен еңбегін қажет етеді. Ұстаздар бұл бағытта аз тер төгіп жатқан жоқ. Кішкентай кезінен қазақ тіліне сусындап өскен балалар қайтсе де бұл тілдің қадір-қасиетін біліп өседі деп ойлаймын. Оларға тек жаттанды түрде оқытпай, қазақ халқының тәлім-тәрбиесін де үйрете алуымыз қажет.

Сабақтың қызықты өтуі үшін мұғалімдер әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Соның ұтымды бір түрі — ойын арқылы тіл дамыту болып табылады. Ойын технологиясы оқу үрдісін қызықты және тартымды болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әдіс, сабақ формасы болып табылады. Ойын технологиясын қолданудың мақсаты оқушылардың сабақта танымдық әрекеттерін дамыту. Ойын бұл іс жүзінде даму. Бала ойнайды, себебі дамиды. М.Әуезов: « Жақсы ойын жақсы жұмыс сияқты, жаман ойын жаман жұмыс сияқты»-дейді.

Сондықтан 5–6 жастағы балалардың өзара қарым- қатынасындағы сыйластық құндылығын қалыптастыруға бағытталған. «Ана тілім дара тілім» тақырыбында арнаулы курс бағдарламасын құрастырушы мектепалды даярлық класс тәрбиешісі Ещанова Тарбия Сейтжановнаның көп жылғы педагогикалық іс-тәжірибесінің жетістігі деуге болады. Арнаулы курс бағдарламасы мақсатты, мақсатты жүзеге асыруда бірнеше міндеттер алынған, нәтижесі айқын жасалынған. Бұл бағдарлама балалардың ой-өрісінің кеңейуіне, балалардың жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман әдеттерден аулақ болуға септігін тигізеді, адамгершілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелейді. Бұл арнаулы курс бағдарламасын жаңа оқу жылында оқу-тәрбие үрдісінде қолдануға болады.

**Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш  
білім кафедрасының меңгерушісі  
п.ғ.к., доцент**

**Тоқсанбаев А.М**

Тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыбы	Бағдарламаның мазмұны	Сағат саны	Күні
	<b>1.Елім деп соғар жүрегім</b>		7	
1	Менің жазғы демалысым. Сөз бен танысу.	Сөз, дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінегіні жөнінде түсінік беру. Есту қабілетін жетілдіру. Қарапайым жиектерді штрихтап салу. Балаларды байқағыштыққа, қырағылыққа, бытылдыққа, ерлікке, шапшаңдыққа баулу.	1	20.09.21
2	Ата заңым ардағым. Сөйлеммен танысайық!	Сөз бен сөйлемді ажыратып,сөздің,сөйлемнің мағынасын түсіну.Өз Отанынсүйюге,құрметтеуге тәрбиелеу. Тақпақтарды,жаңылтпаштарды жатқа айтуға үйрету. Қарапайым жиектерді штрихтап салу.	1	15.09.21
3	Күз кереметтері. Ғажайып буындар.	Балалардың ойын дамытып, ана тілін жетік білуге, тапқырлық қасиеттерге үйрету.Сөздерді буындап айтуға,дұрыс табуды жаттықтыру. Қарапайым жиектерді штрихтап салу.	1	22.09.21
4	«Ана тілім арым бұл». Тақпақ, өлеңдер жаттау. Қандай дыбыс?	Мақал-мәтелдерді жаттату және олардың мағынасын түсіндіру.Тақпақтарды, жаңылтпаш тарды жатқа айтуға үйрету. Қарапайым жиектерді штрихтап салу.	1	29.09.21
5	Тіл туралы мақал мәтел жаттау.Дауысты дауыссыз дыбыстар. [Аа дыбысы мен әрпі]	Сөздегі дыбыстарды,олардың түрлерін (дауысты,дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар)ажыратып,дұрыс дыбыстау. Жазу жолын,жоларалық кеңістікті,жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап,әріп элементтерін жазу. [Аа дыбысы мен әрпі] дыбысы мен әрпімен таныстыру. Қарапайым жиектерді штрихтап салу.	1	06.10.21
6	Дидактикалық ойын:Қайдан көрдім? Бұл не? [Н н дыбысы мен әрпі]	Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысу.Сөз,сөйлем сызбасын құру. Ойындарға қызығушылығын арттыру. [Н н дыбысы мен әрпімен] таныстыру. Жазу жолын,жоларалық кеңістікті,жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап,әріп элементтерін жазу.	1	13.10.21
7	Дидактикалық ойын : «Сөз ойла, тез ойла» [О о дыбысы мен әрпі]	Берілген дыбысқа сөз ойлап, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу. [О о дыбысы мен әрпі мен таныстыру] Жазу жолын,жоларалық кеңістікті,жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап,әріп элементтерін жазу.	1	20.10.21
	<b>2.Әдептілік қағидалары</b>		7	
8	М. Етекбаевтың «Нан қайдан келеді?» ертегісі.[Т т дыбысы мен әрпі]	Сабақ барысында балаларға нанды қастерлеу керектігін түсіндіре келе, адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты,дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар)ажыратып,дұрыс дыбыстау. [Т т дыбысы мен әрпі мен таныстыру] Жазу жолын,жоларалық кеңістікті,жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап,әріп элементтерін жазу.	1	27.10.21
9	Ы.Алтынсарин. «Бір уыс мақта» [Й й дыбысы мен әрпі]	Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, ойын ашық айта білуге және өз пікірін қорғай білу қабілеттерін қалыптастыру.Балалардың білімге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, табиғатты қорғай білулеріне ықпал ету. [Й й дыбысы мен әрпі мен таныстыру] Жазу жолын,жоларалық кеңістікті,жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап,әріп элементтерін жазу.	1	10.11.21

10	«Екі дос.» ертегісі елаузынан [Ш ш дыбысы мен әрпі]	Достық туралы білімдерін арттыру, шығармадағы негізгі ойды таба білуге дағдыландыру; Шығарманың қиялын, жүйелі ойлау қабілетін, ойлау қабілеттерін, сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту; Шынайы достыққа, адамгершілікке, қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу; <b>[Ш ш дыбысы мен әрпі мен таныстыру]</b> Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	17.10.21
11	«Бір үзім нан» ертегі [С с дыбысы мен әрпі]	Оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, мәнерлеп сауатты оқуға тәрбиелеу. Адам өміріндегі ең маңызды ас нан екендігін, оның оңайшылықпен келмейтінін түсіндіру. Адамгершілікке, кішіпейілдікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <b>[С с дыбысы мен әрпі]</b> таныстыру. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	24.10.21
12	Дидактикалық ойын «Кім зейінді?» [М м дыбысы мен әрпі]	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Балалардың, байқағыштық қасиеттерін дамыту. <b>[М м дыбысы мен әрпі мен таныстыру]</b> Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	8.10.21
13	Қасқыр, түлкі, әтеш ертегісі [Қ қ дыбысы мен әрпі]	Ертегі мазмұнын баяндап әңгімелеуге, берілген сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. <b>[Қ дыбысы мен әрпі мен таныстыру]</b> Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	15.12.21
14	«Жирен жаман әдеттен». Тыйым сөздер [Ұ ұ дыбысы мен әрпі]	Балаларды кішіпейілділікке, үлкенді сыйлауға, көмектесе үйрете отырып, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман әдеттен жирен, сезіну, түсініктерін дамыту. Әдептілік жайлы өмірде көптеген іс - әрекеттерді зерттеп бізге мағлұмат бере алатын әдептану саласы туралы білу. <b>[Ұ ұ дыбысы мен әрпі]</b> таныстыру. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	22.12.21
<b>3. Батырлар сөзі даналар сөзі</b>			7	
15	«Төрелік айтқан Төле би». Сахналау . [К к дыбысы мен әрпі]	Оқушыларға шешендік сөздер туралы мағлұмат бере отырып, Төле бидің шешендік сөздері мен толғауларымен танысу. Оқушылардың алған білімдерін іс - жүзінде, сабақ барысында қолдана білуге дағдыландыру. Шешендердің, соның ішінде Төле бидің толғауларын оқыта отырып, адамгершілікке, білімділікке, жақсы қасиеттерге тәрбиелеу. <b>[К к дыбысы мен әрпі мен таныстыру]</b> Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	29.12.21
16	Қаз дауысты Қазбек би. [Ү ү дыбысы мен әрпі]	Оқушыларға қазақтың аса айбынды билерінің бірі - қаз дауысты Қазыбек бидің тарихтағы орны мен шешендік сөздерінің шығу тарихын түсіндіру. Өз пікірлерін қорғай білуге, талдай білуге үйрету. Оқушыларды сөз мағынасының тереңдігін түсінуге, шешенділікке тәрбиелеу. <b>[Ү ү дыбысы мен әрпімен таныстыру]</b> Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	19.01.22
17	Әділетті Әйтеке би [И и дыбысы мен әрпі]	Әйтеке бидің қазақ халқының тарихында алатын орны мен оның шешендік сөздері. Отбасындағы	1	26.01.22

		сыйластық, құрмет пен ізеттілікке тәрбиелеу. [И и дыбысы мен әрпі]		
18	Үш арыстың үлгілері. [Д д дыбысы мен әрпі]	Балаларға қазақтың бас билері туралы білімдерін толықтырып, шешендік сөздердің мағынасын түсінулеріне жағдай жасау. Тапқырлық пен шешендікке тәрбиелеу. [Д д дыбысы мен әрпімен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	2 02.22
19	Шешендік өнер [Е е дыбысы мен әрпі]	Оқушыларға шешендік өнер туралы мағлұмат тарын тереңдетіп, оның жан – жақты тарихи екенін таныту. Оқушылардың танымдық ой – өрісін кеңейту сөздік қорларын молайту, өзіндік пікір айта білу қабілетін дамыту. Оқушыларды туған елін, жерін қадірлеуге, отан сүйгіштікке тәрбиелеу. [Е е дыбысы мен әрпімен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	16 02.22
20	«Батыр туса ел ырысы». Альбом жасау. [Ғ ғ дыбысы мен әрпі]	Оқушыға қазақ батырларының ерлігі туралы мағлұмат беру. Өлеңдегі негізгі ойды анықтай білуге, ойын жүйелі түрде баяндай білуге үйрету. Оқушылардың логикалық ойлау, сөйлеу дағдысын жетілдіру. [Ғ ғ дыбысы мен әрпімен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	23.02.22
21	«Мен Алдармын, Алдармын...». Сахналау [Ң ң дыбысы мен әрпі]	Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілетін дамыту. Таныс ертегінің Соңын басқаша құрастыру, көркем-тілдік және орындау қабілеттерін қалыптастыру, халық шығармашылығына қызуғушылықтарын таныту. Ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. [Ң ң дыбысы мен әрпімен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	2 03.22
	<b>4. Салт дәстүрі</b>		<b>3</b>	
22	Көрісу күні. [Ө ө дыбысы мен әрпі]	Балаларға ұлттық тәлім-тәрбие беру. Өз ұлтының салт-дәстүрлерін ұстанып, қадірлеуге тәрбиелеу. Балаларға қоршаған әлемнің тұтас бейнесін адамдар мен табиғат әлемінің арасындағы өзара байланыс пен тәуелділігін түсінуін қалыптастыру. Қоршаған әлемге деген қызығушылығын арттыру, оны зерттеу үдерісі барысында танымдық құзыреттілігі қалыптастыру әрі дамыту. [Ө ө дыбысы мен әрпі мен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	9.03.22
23	Наурыз көже [З з дыбысы мен әрпі]	Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт - дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу. Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру. [З з дыбысы мен әрпі] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	16.03.22
24	Бесікке салу [Ә ә дыбысы мен әрпі]	Халқымыздың салт – дәстүрін дәріптеу, алтын тіреу дінгегі – бала, баланы бесікке бөлеу, дәстүрін атадан балаға жеткізу. Оқушылардың өз ойларын, пікірлерін еркін айтуға, дәлелдей білуге, сөйлеу мәдениетін, топпен жұмыс істеу, шығармашылық, танымдық қабілеттерін	1	6 04 22

		дамыту. Салт – дәстүрді құрметтеуге, адамгершілікке, мейірімділікке, тазалыққа тәрбиелеу. [Ә ә дыбысы мен әрпі мен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.		
	<b>5. Еңбектің наны тәтті</b>		<b>8</b>	
25	Еңбек етсең ерінбей... Әңгімелеу [П п дыбысы мен әріпі]	«Еңбек» адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру; еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; [П п дыбысы мен әрпі мен танысу] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	13.04.
26	Еңбекпен тапқан тын. Сахналау [Б б дыбысы мен әріпі]	Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру. Еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. [Б б дыбысы мен әрпі мен таныстыру]	1	20.04.
27	«Еріншек» ертегісі [Х х Щ щ Я я Ю ю Е е дыбыстары мен әріптері]	Оқушыларға ертегі туралы түсінік беру, ертегінің мазмұнымен таныстыру Ертегісіні оқыта отырып сөздік қорларын молайту, тіл байлығын арттыру, өз ойларын жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Еңбексүйгіштікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу. [Х х Щ щ Я я Ю ю Е е дыбыстары мен әріптерімен мен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	27.04.
28	Еңбек туралы мақал мәтел жарысы. [У у Э э дыбыстары мен әріптері]	Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру. Еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. [У у Э э дыбыстары мен әрпі мен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	04.05
29	«Кім болам?» әңгімелеу. Буындардан сөз құрап жазу [В в Г г дыбыстары мен әрпі дыбыстары мен әріптері]	Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Мың түрлі мамандықтар туралы түсінік қалыптастыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. [В в Г г дыбыстары мен әрпі дыбыстары мен әрпі мен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	11.05
30	«Жалқаулықты жек көрем». сахналау [Ц ц Ф ф Ч ч h дыбыстары мен әріптері]	Еріншек атты қандай ұғымды келтірілгені туралы білу. Жалқаулықты жек көрем тақырыбын сахналау арқылы өздерін тазалықты сүйуге үйрету. [Ц ц Ф ф Ч ч h дыбыстары мен әрпімен таныстыру]	1	11.05
31	«Жалқаубек». Сахналау [Ж ж Ы ы дыбыстары мен әріптері]	Еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру. Еңбек етуге қызығушылықтарын арттыру. Жалқаулықтан аулақ болуға тәрбиелеу. [Ж ж Ы ы дыбысы мен әріптерімен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	18.05.
32	Жаз [І і Р р дыбыстары мен әріптері]	Жайқалған жаз, піскен жеміс-жидектер туралы әңгімелету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Берілген сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. [І і Р р дыбыстары мен әрпі мен таныстыру] Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төмен сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.	1	18.05.
	<b>Барлығы</b>		<b>32</b>	



### Пайдаланған әдебиеттер:

#### 1. Негізгі әдебиеттер:

- «Қызықты грамматика» жұмыс дәптері. «Алматы кітап» баспасы, авторы: З.Муфтибекова.
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

- «Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы» М.Қоянбаев.

- «Бастауыш сынып» Республикалық әдістемелік-педагогикалық журналы

#### 2. Қосымша әдебиеттер:

- «Айгөлек», «Балдырған» журналдары

- Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. Республикалық ғылыми-педагогикалық басылым. 2010,2011,2012,2013ж.

-Қазақ тілі, оқулық - тесті. Шың кітап, Алматы 2012ж.


#### 3. Анықтамалықтар:

- [www.rc-dd.kz](http://www.rc-dd.kz)

- [www.uctaz.kz](http://www.uctaz.kz)

- 45 minut.kz

«№ 69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

«Бекітемін»   
№69 жалпы білім беретін орта  
мектеп директоры А.Абжалелова  
Бұйрық № «01» 09 2021 жыл



**«Қызықты математика»**  
(Мектепалды даярлық сыныбына арналған бағдарлама)

Курс бағдарламасы:

2008 жылы «Аруна» басылымынан шығарылған «Қызғылықты математика» жазба дәптері.

Құрастырушы: ЖББ №59 орта мектебінің мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі  
Т.С.Ещанова

Пайдаланушы: №69 орта мектебінің мектепалды даярлық топ тәрбиешісі:  
Ж.С.Есенбекова

«Қызықты математика» курс бағдарламасы әдістемелік бірлестік отырысында талқыланды

№ Хаттама «28» 08 2021 ж

«Қызықты математика» курс бағдарламасы әдістемелік кеңесте ұсынылды

№ Хаттама «28» 08 2021 ж

«Қызықты математика» курс бағдарламасы педагогикалық кеңес отырысында мақұлданды

№ Хаттама «21» 08 2021 ж

Мектеп директоры:



А.Абжалелова

## Түсінік хат

«Қызықты математика» бағдарламасының мазмұны мен құрылымы мектепке дейінгі жастағы оқушылардың математиканы жете меңгеріп, ойлау қабілетін, зейіні мен есте сақтауын дамытуға зор ықпал етеді. Бағдарлама белгілі бір оқу жылына сәйкестендірілген және тақырыптар бойынша жүйеленген. Бағдарламалық материал балалардың өз білімін тереңдетуге әсер етеді, балалардың логикалық ойлау қабілетінің мейлінше дами түсуіне мүмкіндік береді. Бағдарлама аптасына 1 сағат, жалпы-32 сағатқа (жыл бойы) құрастырылған. Қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде жаңа өзгерістер мен әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру және қолдануға арналған «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымында атап көрсетілген. Сол себепте қазіргі таңдағы негізгі талаптардың бірі – білімді, әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы функционалды сауатты дамыған, жаңаша, тәуелсіз, ойлай алатын шығармашыл тұлға тәрбиелеу. Бейнелі ойлау – 5-6 жасар бала ойлауының негізгі түрі. Әрине, ол жекелеген жағдайларға логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ та бұл жаста көрнекілікке сүйенген оқыту басымырақ болады. Мұның өзі осы жастағы балалардың естері еріксіз жақсы дамиды. Сондықтан жақсы қабылдап алған заттардың түсін есінде жақсы сақтайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады. Танымдық белсенділік баланың психологиялық - денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады.

Сондықтан ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар арқылы ұйымдастырылған.

### **Мақсаты:**

Балаларды логикалық тапсырмалар арқылы білімге деген қызығушылығын арттыру, танымдық көзқарасын жетілдіру.

### **Міндеттер:**

1. Балалардың зейінін тұрақтандыру, интеллектісін дамыту;
2. Балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету;
3. Логикалық тапсырмалар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;
4. Танымдық қабілеттерін жетілдіре отырып, қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру.
5. Математикалық сауаттылыққа көңіл бөлу, жетілдіру.

### **Күтілетін нәтиже:**

Кез келген топпен еркін жұмыс жасай білуге үйренеді.  
Өз беттерімен шешім қабылдай алатын болады.  
Суреттер мен сызбаларды пайдаланып есептер құрастыра алады.  
Ойлау қабілеті арқылы зейіні тұрақталды.  
Белсенділік, тапқырлық, ұжымдық дағдылары қалыптасады.  
Есеп құрастырып, шешімін табуға дағдыланады.

Ақтөбе қаласы ЖББ № 59 орта мектебінің мектепалды даярлық класының тәрбиешісі  
Ещанова Тарбия Сейтжановнаның «Қызықты математика» тақырыбындағы арнаулы  
курс бағдарламасына

## ШҚІР

Қазақстан Республикасының қазіргі мектепке дейінгі мекемелерде жаңа өзгерістер мен әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру және қолдануға арналған Республиканың «Білім туралы» Заңында «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымында атап көрсетілген.

Балалар мектеп табалдырығын аттайтын кезеңге қарай жиын мен сан, пішін мен шама туралы өзара байланысы бар түсініктерді меңгеруі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алуы тиіс. Сондықтан мектепалды дайындық сыныбында балалар «тең», «артық», «кем», «бүтін және жарты» арасындағы байланыстылық, шама арасындағы байланыстылық, шама өлшемі және т.б кейбір математикалық байланыстардан, қатынастар хабардар болуы тиісті. Балалар мәселен жиын элементтері арасында сәйкестік қалыптастыру арқылы (жиын элементтерін практикалық салыстыру шама қатынасын анықтау үшін беттестіру, біріктіру тәсілдерін пайдалану) түрлі математикалық байланыстыру, қатынастар қалыптастыру амалдарын меңгереді.

Олар сандық қатынас орнатудың ең тура амалы заттарды санау мен шамаларды өлшеу болып табылатынын түсіне бастайды. Санау мен өлшеу дағдылары беки түседі. Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру, тиісті амалдарды меңгеру даярлық тобындағы балалардың көрнекті-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді және олардың жалпы ойлау қызметін дамыту үшін алғышарттар құрады. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі. «Қызықты математика» тақырыбында арнаулы курс бағдарламасын құрастырушы мектепалды даярлық класс тәрбиешісі Ещанова Тарбия Сейтжановнаның көп жылғы педагогикалық іс-тәжірибесінің жетістігі деуге болады. Арнаулы курс бағдарламасы мақсатты жүзеге асыруда бірнеше міндеттер алынған, нәтижесі айқын жасалынған. Мектепке дейінгі даярлық тобына арналған «Қызықты математика» бағдарламасында балалардың алдыңғы топтарда және қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру пәні бойынша алған білімдерін жалпылау, жүйелеу, кеңейту және тереңдету қаралған. Бұл арнаулы курс бағдарламасын жаңа оқу жылында оқу-тәрбие үрдісінде қолдануға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш  
білім кафедрасының меңгерушісі  
п.ғ.к., доцент

Тоқсанбаев А.М.

**Перспективалық жоспар.  
Жылдық сағат саны 32 сағат**

<b>Р/с</b>	<b>Тақырыптар</b>	<b>Бағдарлама мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Мерзімі</b>
1	Заттардың қасиеті «Суретшілер» ойыны	Заттардың жеке қасиеттерін анықтау. Неден жасалғаны, түсі, пішіні, көлемі туралы түсінік беру.	1	02.09.
2	Заттар тобын салыстыру «Ненің қайда орналасқанын тап» ойыны	Заттарды жеке қасиеттері бойынша салыстыру. Ортақ қасиеттерін таба отырып, топтастыруға үйрету. Үлкен-кіші, биік-аласа, кең-тар, ұзын-қысқа, көп-аз т.б. ұғымдарды меңгерту.	1	09.09.21
3	Кеңістікті болжау. «Кешкі саяхат» дидактикалық ойыны	Заттардың орналасқан орындары бойынша табуға үйрету. Жоғары-төмен, астында-үстінде, алдында-артында т.б.ұғымдарымен таныстыру.	1	16.09.21
4	Не қайда орналасқан? «Вагондардың ретін ата» ойыны	Заттарды орындары бойынша салыстыра отырып, табуға үйрету. Оң жақта-сол жақта, дейін-кейін ұғымдарымен таныстыру.	1	23.09.21
5	Геометриялық фигуралармен танысу. «Геометриялық мозаика» ойыны	Үшбұрыш, шаршы, төртбұрыш, дөңгелек, сопақша пішіндерімен таныстыру.	1	30.09.21
6	Геометриялық фигуралардың қасиеттері. «Математикалық жорықтар» ойыны	Геометриялық фигуралардың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыра отырып, ұқсастығы мен айырмашылығын табу.	1	07.10.21
7	Уақыт арқылы бағдарлау «Орнын тап!» ойыны	Тәулік мезгілдерімен таныстыру. Бүгін, ертең, бүгінгі, кеше, арғы күні ұғымдарымен таныстыру.	1	14.10.21
8	>, <, = артық, кем, тең таңбалары. «Ғажайып қапшық» ойыны	Заттарды санау және санау арқылы салыстыруға үйрету. Көп-аз, артық-кем, тең ұғымдарымен таныстыру.	1	21.10.21
9	1 санымен таныстыру «Қажет суретті тап».	Көп ішінен салыстыра отырып ерекше бір затты бөліп алу. "Бір" санымен, оның цифрымен таныстыру.	1	28.10.21
10	2 санымен таныстыру «Не артық?»	2 санының пайда болуы және оның цифрымен таныстыру.	1	11.11.21
11	«+» қосу таңбасы «Нешінші гүлді жасырдым» ойыны	"+" таңбасымен таныстыру. Заттарды қосқанда олардың саны артатынын түсіндіру.	1	18.11.21
12	«-» -алу таңбасы «Не жоқ?», «Не өзгерді?» ойыны	"-" азайту таңбасымен таныстыру. Заттардың белгілі бір санын алғанда олардың саны азаятынын ұғады.	1	25.11.21
13	3 санымен таныстыру. 3-тің сандық құрамы «Әрі қара, сана», «Күпия» ойыны	3 санының пайда болуын түсіндіру. Оның цифрымен және сандық құрамымен таныстыру.	1	2.12.21
14	4 санымен таныстыру. 4-тің сандық құрамы. «Ойыншықты тап»	4 санының пайда болуын түсіндіру. Оның цифрымен және сандық құрамымен таныстыру.	1	09.12.21

	ойыны			
15	5 санымен таныстыру. 5-тің сандық құрамы. «Лото» ойыны	5 санының пайда болуын түсіндіру. Оның цифрымен және сандық құрамымен таныстыру.	1	23.12.21
16	«0» санымен таныстыру. «Шаршы ішінде тұрғандай» ойыны	0 санымен таныстыру. Нөлдің "бос", "жоқ" ұғымын білдіретінін түсіндіру.	1	20.01.22
17	Есеп құрастырып, шешімін табу. «Цифрлар айтысы» ертегісі	Өтілген сандарды қолданып есептер құрастыру және шығару. Өрнектің мәнін табуға үйрету.	1	27.01.22
18	6 санымен таныстыру, 6-ның сандық құрамы. «Қандай зат екенін тап» ойыны	6 санының пайда болуын түсіндіру. Оның цифрымен және сандық құрамымен таныстыру.	1	3.02.22
19	Қазақ халқының өзіне тән ұлттық ұғымына енген, қасиетті саналатын бірнеше сандары.	Халқымызда жиі қолданылатын сандармен таныстыру, олардың мазмұнын түсіндіру. Мысалдар келтіре отырып, тапсырмаларды орындау.	1	17.02.22
20	7 санымен таныстыру. 7-нің сандық құрамы. «Кершісін тап» ойыны	7 санының пайда болуын түсіндіру. Оның цифрымен және сандық құрамымен таныстыру.	1	24.02.22
21	8 санымен таныстыру. 8-дің сандық құрамы «Математикалық жорықтар» ойыны	8 санының пайда болуын түсіндіру. Оның цифрымен және сандық құрамымен таныстыру.	1	03.03.22
22	9 санымен таныстыру. 9-дың сандық құрамы. «Орнын тап!» ойыны	9 санының пайда болуын түсіндіру. Оның цифрымен және сандық құрамымен таныстыру.	1	10.03.22
23	10 санымен таныстыру. 10-ның сандық құрамы «Кім көп біледі?» ойыны	10 санының пайда болуын түсіндіру. Оның цифрымен және сандық құрамымен таныстыру. Екі таңбалы сан туралы түсінік беру.	1	17.03.22
24	Ұзындықты өлшеу «Ұлудың жолы» ойыны, «Нүктелер достығы» ертегісі	Ұзын-қысқа ұғымдарымен таныстыру. Ұзындықтың өлшемдері жайлы түсінік беру.	1	31.03.22
25	Ауыр – жеңіл. «Ұшты, ұшты» ойыны	Заттарды салмағы бойынша салыстыру, салмақ өлшемдерімен, масса ұғымымен, таразымен таныстыру.	1	09.04.22
26	Сұйық және сусымалы заттар. «Қандай зат екенін тап» ойыны	Көлем өлшемімен таныстыру. Сұйық және сусымалы заттарды өлшеуге үйрету.	1	14.04.22
27	Бүтін және бөлік. «Не жоқ?» ойыны	Бүтінді тең екі немесе төрт бөлікке бөлуді үйренеді. Жарты, ширек ұғымдарымен танысады.	1	21.04.22
28	Дидактикалық Ойындар «Жасырынбақ» ойыны	Оқушылардың қызығушылығын арттыру. Өткен материалдарды бекіте түсу	1	28.04.22
29	Ақшалар. «Жоғалған санды тап»	Теңге туралы түсінік беру. Баға және құн ұғымдарын біледі.	1	05.05.22

	ойыны			
30	Есеп құрастырып, шешуін табу.	Өтілген сандарды қолданып есептер құрастыру және шығару. Өрнектің мәнін табуға үйрету.	1	12.05.22
31	Математикалық есептер мен тақпақтар	Математикалық жұмбақ есептер, санамақтар арқылы есептеуге үйрету. Есептеу қабілетін жетілдіру.	1	19.05.22
32	"Жүзден жүйрік" қорытынды оқу іс-әрекеті	Жыл бойы алған білімдерін қорыту. Шапшаңдық пен тапқырлық арналған ойын түрлері.	1	19.05.22
	Барлығы:		32 с	